



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 80 (8466) Сәрсенбі 10 тамыз 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

II ПЛЕНУМ АЯСЫНДА

АРДАГЕРЛЕР-АЛТЫН ТҰҒЫР

А. ШОТБАСОВА,
«Ауыл жаңалығы».

ЕЖЕЛДЕН «АЛПЫСҚА КЕЛГЕННЕН АҚЫЛ СҰРА» ДЕП ӨСКЕН БІЗДІҢ ХАЛЫҚ ҮШІН, АҚСАҚАЛДАРДЫҢ АҚЫЛЫН АЛЫП, ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕСІН ҮЙРЕНУ ҚОҒАМДЫҚ МАҢЫЗЫ ЗОР ІС САНАЛАДЫ. АЛТЫН ТҰҒЫР АРДАГЕРЛЕРДІҢ ӨМІРЛЕРІ ӨНЕГЕ ДЕЙТІН БОЛСАҚ, ОЛАРДЫҢ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕ АЛАР ОРНЫ ЗОР.



ӨТКЕН АПТАДА БАЙЗАҚ АУДАНЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ КЕҢЕСІНІҢ II ПЛЕНУМЫ ӨТКЕРІЛДІ. АУДАНЫҚ ӘКІМШІЛІКТІҢ МӘЖІЛІСТЕР ЗАЛЫНА ЖИЫЛҒАН АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ, ҰЖЫМ, МЕКЕМЕ МЕНГЕРУШІЛЕРІ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГ ӘКІМДЕРІ, ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯЛАРМЕН ЖАСТАР ҚАУЫМЫ АУДАНЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ.

Пленумның күн тәртібіндегі мәселесі белгіленіп, регламент нақтыланғаннан кейін сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кемелбек Беспәев үстіміздегі жылдың сәуір айында Астана қаласында өткен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің VII съезінің шешімдерін жүзеге асырудағы Байзақ аудандық ардагерлер ұйымдарының міндеттері және оны орындаудағы шаралар жайын баяндады.

Яғни, К.Беспәев аталмыш жиында сөз болған мәселелер, аға буын өкілдеріне артылып отырған жауапкершілік жөнінде айтып, Байзақ аудандық ардагерлер ұйымының ықпалымен нақты істелінген істерге тоқталды.

- "Съезд қаулысын жүзеге асыруда және насихаттау мақсатында аудандық ардагерлер ұйымы Н.Ә.Назарбаевтың қоғамды реформалау жөніндегі бастамасын, Мемлекет басшысының бағдарламалық құжаттарын қолдау және ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығын лайықты қарсы алу жөнінде аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімімен, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалымен бірлесе бірнеше саяси-қоғамдық іс-шаралар өткізді", - дей отырып, съезді басшылыққа ала бастауыш ардагерлер ұйымының рөлін арттыру, жастарға «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идея рухында тәрбие беруді жандандыру, кадрларды іріктеу, белсенді

қарттарды қоғамдық іске тарту, жер-жерлердегі жағдайы төмен қарт кісілердің жанұясына көмек көрсету бастамалары қолға алынғандығын атап өтті.

Сонымен қатар, көпті көрген қариялардың ұйытқы болуымен елдік маңызы бар мерекелер де аудан көлемінде кең көлемде аталып келеді. Мысалға, аға буын өкілдері Жер Кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты ауыл-ауылдарда түрлі жиындар ұйымдастырып, өз ақыл-кеңестерін айтып жүрсе, ұлттар арасындағы достық, ел бірлігі мәселелері

ардагерлері Кеңесінің төрағасы Еркінбек Солтыбаев, облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі, белгілі қоғам қайраткері, Жамбыл облысының және Байзақ ауданының Құрметті азаматы Арғынбай Бекбосын да сөз сөйледі.

Арғынбай Бекбосынұлы қазақ әніндегі «Қайда жүрсең Атамекен, көкейіңде жатады екен» сөздерін алға тартып, өзі туып-өскен Байзақ елі қашанда ыстық екендігін, байзақтықтармен мақтанатындығын жеткізді.

Ардагерлердің қоғамда алар орнына тоқталып, әсіресе ұлтаралық қатынасты нығайтуда аға буын өкілдеріне жүктелер жауапкершілік, жақында ғана елімізде орын алған оқыс оқиғалар - Ақтөбе, Алматыдағы лаңкестік жағдайлар халық арасына ірікті салушылардың тірлігі екендігін әңгімелеп, осындайда көнекөз қариялар өз өмірлік ұстанымдарымен бөлісулері керектігін айтты. Жастарға дұрыс діни таным үйретудің пайдасын, жұмыссыз ұл-қыздарды жұмысқа тартудың тиімділігін қозғады.

Ал, Жамбыл облысы соғыс және еңбек ардагерлері Кеңесінің



мен Елбасы Жолдауын түсіндіруде қарттардың қосқан үлесі қомақты.

Міне, осы жөнінде егжей-тегжейлі сөз еткен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кемелбек Беспәев қариялар қашанда жастардың тәрбиелі болып өсіп-жетілуінде, еліміздің өркендеуі жолында еңбек ете беретіндігін ауызға алып, ендігі жерде келесідей бастамаларды жүзеге асырсақ деген ойымен бөлісті. Аудандық ардагерлер кеңесінің жанынан ашылған «Нұр бата Ардагер» қоғамдық бірлестігіне аудан тұрғындары қолдау білдіріп, «Ардагерлер үйін» ашсақ, осылайша қариялардың ақылдасар орнын қалыптастырсақ деген ұсынысын білдірді.

Пленумның келесі кезеңі жарыссөзге ұласып, бірінен соң бірі мінбеге көтерілген Мырзатай, Ынтымақ ауылдық округтері ардагерлер кеңесінің төрағалары А.Әлімбаев, Т.Құрманов және Суханбаев ауылдық округі ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Т.Атқановтар өз елдімекендеріндегі ардагерлердің мұрындық болуымен атқарылып жатқан шараларды тілге тиек етті.


Жиынға арнайы келіп қатысып отырған Жамбыл облысы соғыс және еңбек

төрағасы Еркінбек Бейсенбекұлы Байзақ аудандық ардагерлер кеңесінің жұмысына өз бағасын беріп, бұдан былай да ардагерлер ұйымдарының алдында орасан зор міндеттер тұрғандығын, алда жастарды дәстүрлі дініміз негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеудегі шараларды күшейту керектігін айтып өтті. «Ардагерлер үйін» ашу туралы ұсыныспен келісетіндігін мәлімдеп, қазыналы қарияларға зор денсаулық, әрбір істеріне сәттілік тіледі.

Пленумды аудан әкімі М.Шүкеев қорытты. Аудан басшысы "қариялар –қазынамыз" дей келе, өңіріміздегі қандайда бір мемлекеттік, мәдени, спорттық іс-шараларда ардагерлер қауымы белсенділік танытып жүретіндігін, олардың өсіп келе жатқан жас өрендерге өнеге көрсетудегі ерен еңбектерін атап өтті. Мұратхан Жүнісәліұлы көпшілік алдында ауданның жетістіктерін де баяндады.

Пленумның қаулысы таныстырылып, сұрақ-жауап кезеңімен жалғасын тапты.

**NUCLEAR
SECURITY
SUMMIT**
WASHINGTON 2016



САРАБДАП САЯСАТТЫҢ САПТАНАТЫ

Ә. САДУАҚАСОВ.
еңбек ардагері.
Үлгілі ауылы.

Әлемде 200-ге жуық мемлекеттер болса, олардың ішінде Қазақстан атты тәуелсіз мемлекеттің тарих аренасына шыққанына -25 жыл толып отыр. Тарихи өлшеммен теңестірсек, бұл көп те ұзақ та мерзім емес. Дегенмен осы қысқа мерзім ішінде еліміз саяси, әлеуметтік қоғамдық, экономикалық маңызы бар талай істерді атқаруда өзінің іскерлігін танытты. Соңғы 200 жыл ішінде Ресей империясының, 70 жыл кеңестер одағы қарамағында болып, саяси аренаға шығудың ешқандай мүмкіндігі болмағаны тарихтан аян. Шекарамыз шегенделмей шартты түрде белгіленіп, территориямыз алып империяның құрамдас бөлігі болып келді.

1991 жылы тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақстан Республикасы дербес мемлекет - егеменді ел ретінде өзінің ішкі және сыртқы саясатын өзі шеше алатын мемлекетке айналды. Тоқырау жылдарды басынан өткізіп, әлемдік дағдарысқа қарсы тұра алатын экономикасы жана қарқынмен, дамыған қуатты ел болды. Қазақстан әлемдік маңызы бар күрделі мәселелерді шешуге атсалысып, олардың оңды шешілуіне ықпалын жасай алатын беделге ие болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың батыл қадамының арқасында ядролық қарудан бас тартып, оның әлемдегі қуаты жөнінде төртінші орын алатын ошағы –Семей полигонын жабуы, біздің бейбітшілікті жақтауы ел екендігімізді дәлелдеді. Ядролық қарудан азат Орталық Азия аймағын құру, ЕКЫҰ-ның Астана саммитін өткізу мемлекетіміздің беделін арттырды. Біз БҰҰ-на кіретін 193 мемлекеттің біріміз, оның толыққанды мүшесіміз, көк байрағымыз менмұндалап желбіреп, Мәңгілік Елдің арман – мақсатын жоғары асқақтатып тұр.

2017-2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің уақытша мүшесі болу жөніндегі бастама алғаш рет 2013 жылы Қазақстанның БҰҰ мүшелігіне 20 жыл толуы қарсаңында көтерілген екен. Елбасының тапсырмасына орай, Қазақстанның БҰҰ құрылымдық бөлімшелерімен жемісті әрі тығыз қарым-қатынастары есепке алына келе, сондай-ақ, еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы рөлі ескеріле отырып, мемлекет өз алдына БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшесі ретінде сайлану міндетін қойған болатын. Мұны Президент Н. Назарбаев: «Қазақстан Орталық Еуразиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықтың діңгегі болуға, бейбітшілікті орнықтыруда және халықтар арасындағы ынтымақтастықты ілгерілетуде сенімді әріптес болуға ұмтылады. БҰҰ Қауіпсіздігінің тұрақты емес мүшесі болуға талпынудың негізінде де дәл осы мақсат жатыр», - деп атап өткен еді.

Биыл еліміз ерекше мереке-Тәуелсіздіктің 25 жылдығын атап өткелі жатқан сәтте, күн санап қарышты қадаммен қарқынды дамып келе жатқан Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Бұл жеңіс мемлекетіміздің халықаралық аренадағы беделі, Елбасының жүргізіп отырған бейбітшілік жолындағы кемел саясатының салтанаты.

Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелігіне сайлануы болашаққа деген зор сенім деп білемін. Ендеше келешегіміздің кемел болуын тілейік!

БІРЛІК ПЕН ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 25 ЖЫЛЫ

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ - АБЫРОЙПЫ МІНДЕТ

А. ИСАБАЕВ,
Байзақ аудандық мәслихатының депутаты, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.



Қазақ халқы «Отан» - деген ұлы ұғымды ежелден күлдірет түтіп, оны қорғауда, құрметтеу мен мадақтауда ешқандай күш - жігері мен өнерін аяп қалған емес. Сондықтан да ата - бабамыз Алтайдан Атырауға дейінгі ұланғайыр ұлы даланы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап кейінгі ұрпағына - бізге аманат етіп қалдырды.

Ақ патшаның, одан кейін «Қызыл империяның» боданынан босап, еліміздің егемендік алғанына да биыл ширек ғасыр толғалы тұр. Тарихи өлшеммен ширек ғасыр қас қағым уақыт болғанымен, біз бүгін әлем таныған, экономикасы дамыған, өзіндік даму жолы бар мемлекетке айналдық. Ғасырлар бойы қазақтың әр баласына арман болған тәуелсіздік біздің кезеңімізге бұйырды. КСРО мемлекеттерінің арасындағы экономикалық байланыстар үзіліп, ел экономикасының құлдырауы кезіндегі күйзелісте Қазақстан халқы бірліктің мызғымастығын көрсетіп, қиыншылықтарды бірлесіп көтере білді. Бүгінгі жетістіктеріміздің басты шарттарының бірі Қазақстан халқының бірлігі мен достығы деп есептеймін. Егемендік алған алғашқы жылдарды көзімен көріп, көкірегімен түйсінген бүгінгі аға буын біздер де жас ұрпақпен бірге осы ұлы мерекенің 25 жылдығын тойламаққа әзірленудеміз. Біздің ендігі міндетіміз, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей егемендігімізді нығайту, дамыту, кейінгі ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру арқылы Отанымыз

Қазақстанның жаңа белестерге көтерілуіне жол салу болып табылады.

Өнер адамы ретінде халық арасында жүрген жұмысым барысында отансүйгіштікті, достық пен татулықты насихаттауға тікелей араласқаныммен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өзімнің үлесімді қосу мақсатында аудандық мәслихаттың 3 шақырылымында депутат болып сайландым. Байзақ аудандық мәслихаты алғаш 1994 жылы құрылып, ағымдағы жылдың наурыз айында алтыншы шақырылымы сайланды. Аудандық мәслихат депутаттары Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы) Заңын басшылыққа алып өз өкілеттіктерін жүзеге асыруда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауларын басшылыққа алып, әр шақырылымында қажеттілігіне қарай 45-50 сессиядан өткізіп, оларда аудан экономикасының дамуына, аудан халқының әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал ету мақсатында 4-5-тен шешімдер қабылдап, олардың орындалуын бақылауға алынған. Кездесулер барысында сайлаушылардың айтқан ұсыныс, пікірлерін аудан деңгейінде көтеріп, онды шешілуіне ықпал етіп отырады.

Егемендік алып, ел еңсесін тіктеген уақыттан бері ауданымыздың Жанатұрмыс, Дикан -2, Қызыл жұлдыз, Қарасу елді мекендерінде

жаңа мектептер салынса, Түймекент ауылындағы 300 орындық білім ошағы 1 қыркүйекте балаларға есігін ашуға дайын. Алдағы уақытта Бұрыл, Байзақ ауылдарында жаңа білім ордаларының құрылысын салу жұмыстары қолға алынуда. Қалған білім ошақтарына кезек-кезеңімен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мектептермен қатар экономикалық күйзеліс кезінде жабылып қалған мәдениет ошақтары толығымен күрделі жөндеуден өтіп, халыққа қызмет көрсетуде. 2000 жылы ауданымызда бар болғаны 6 балабақша жұмыс істеген болса, бүгінгі күні олардың саны 29-ға жетті, оған қоса 6 шағын орталықтар бүлдіршіндерді тәрбиелеуде. Халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында ауданымызда 2010 жылдан бері 5 ауылда жаңа медициналық тіректер салынып, пайдалануға берілсе, жыл аяғына дейін Бұрыл ауылдық дәрігерлік амбулаториясының жаңа ғимараты пайдалануға беріледі деп күтілуде және келер жылы тағы 5 амбулаторияның құрылысы басталмақ.

Жалпы, қай саланы алсақ та тәуелсіз еліміздің экономикасы қарыштап дамып, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына көптеп көңіл бөлінуде. Осы жетістіктің барлығы тәуелсіздігіміздің жемісі мен жетістігі және баға жетпес құндылық екенін терең түйсініп, еліміздің тұрақтылығын сақтап, егемендігімізді нығайтуға баршамыз атсалысуымыз қажет. Егеменді Қазақстанның, қазақ елінің азаматы ретінде мен еліміздің бүгінгі жеткен жетістіктері мен алған белестеріне ерекше қуанамын. Қуанышымыз ұзағынан болсын!

Бүгінгі жастар бақытты. Еліміз әлемге танылып, мәртебесі биіктеп келеді. Мұндайда Д.Қонаев ағамыздың «Мейірім шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ» деген қанатты сөзі-әрбір қазақ баласының көкейінен орын алса нұр үстіне нұр болар елі.

АТА ЗАҢ-ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ

Ш.ТОЙШЫБЕКОВ,
Байзақ аудандық әділет басқармасының басшысы.


Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат - Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі.

Қазақ халқының бірнеше ғасырлық өмір тәжірибесінде әр істің, салт-сананың реті мен жөн-жобасы болады және барлық жұмыс соған сәйкес атқарылады. Ұлттық ырым-тыйымның, әдеп-үлгісінің жұптасқан немесе топтасқан құрамы халықтың әдет-ғұрпын, жол-жоралғысын құрайды.

Қазақ заңдарының тарихында «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын заң ережелерінің орны бөлек. Кейін XVII ғасырда мұны Есім хан түпкілікті қолданып, заң күшіне толық енді. Мұны халық «Есім ханның ескі жолы» деп атады. Жоғарыда аталған екі заң ұлы хан, әз Тәуке тұсында одан әрі жетілдіріп, жаңа құқықтық тараулар енгізілді. «Жеті Жарғы». Ұлытауда үш жүз тайпалары өкілдерінің қол қойған «таңбалы тасы» - шын мәніндегі қазақтың тұңғыш Конституциясы. Осы игілікті істердің басында өздерінің бар рухани күш-қуаттарын жұмсап, қазақтың ұлы билері жүрді. Олар қырдың қатал заңын бір жүйеге келтіріп, оны жаңа жағдайдағы түз тіршілігіне сәйкес бай мазмұн мен түр беріп, қайта

түзді. Олар ескі сұрлеуге түсіп кетпей, өмірдің көп жағын заңдастырып қана қоймай, өздерінің саяси-әлеуметтік, рухани-танымдық болмыстарын көрсететін құжат жасады.

Халқымыздың құқық, билік, сот ісі



жөніндегі көңіл аударарлық заңы 1885 жылы Семейдің Қарамола съезінде Абайдың қатысуымен жазылған Ереже.

Бұл заңдардың жақсы жағы сақталып, жеке адамның бас амандығы, ар-намысы мен мал мүлкін қорғау мәселелері баса айтылады. Тәлім-тәрбие беру мен ынтымағын сақтауға қатты көңіл бөлген.

«Конституция» - латын тілінен аударғанда «құрылыс» деген ұғымды білдіреді. Қазақша мағынасы - ел, мемлекет болудың тетігі деген сөз. Онда маңызды үш мәселе - мемлекеттік және қоғамдық құрылыс, адамның немесе азаматтың құқықтық мәртебесі және мемлекеттік органдардың қызметтік жүйесі қамтылған.



ПАРТИЙЦЫ ОБСУЖДАЮТ РАБОЧИЕ МОМЕНТЫ

Первичные партийные ячейки становятся центрами активной политической работы.

В связи с этим во всех регионах республики проводятся обучающие семинары для председателей первичных партийных организаций.



Этой задаче был посвящён обучающий семинар-совещание, прошедший в актовом зале Байзакского филиала партии «Нур Отан».

На него были приглашены председатели 38 первичных партийных организаций района, объединяющие 5554 партийца.

В работе семинара приняла участие заведующая общественной приёмной Жамбылского областного филиала партии «Нур Отан» Б.Түлемисова.

На обсуждение было вынесено 9 вопросов, касающихся разъяснения изменений и дополнений в новые и действующие Правила и Инструкции партийных документов, также приём в партию и учёт членов партии, порядок уплаты и использование членских взносов и т.д.

Открыла семинар-совещание первый заместитель председателя Байзакского филиала партии «Нур Отан» Ш.Байтакова.

Речь на нём шла о партийном кадровом резерве - отныне члены партии могут претендовать в депутаты от партийного списка, с поддержки первичных партийных организаций выставлять свою кандидатуру для

работы в аппарате любого уровня.

В ходе его работы были даны разъяснения по работе Общественной приёмной, которая оказывает всяческое содействие гражданам по различным вопросам.

Одним из обсуждаемых вопросов была проблема подрастающего

поколения. В частности о трудоустройстве или устройстве на учёбу молодёжи, которая не набрала пороговый балл на ЕНТ.

«Каждая первичная партийная организация должна взять на контроль и оказать всяческое содействие молодёжи, помочь ей найти своё место в жизни», - сказала Ш.Байтакова.

Был обсуждён организационный вопрос проведения предстоящей акции «Дорога в школу», конкурса «Лучшая первичная партийная организация», также открытие кабинета Первичной партийной организации.

По разъяснению вопросов уплаты членских взносов, правил вступления в партию доложил заведующий сектором учёта и статистики Байзакского филиала партии «Нур Отан» К.Кусемисов.

Организаторы мероприятия уверены, что проведение подобных семинаров позволит председателям первичных партийных организаций эффективнее работать с населением на местах, улучшать работу общественного контроля партии, всегда быть рядом с народом, защищая его интересы.

Наш корр.

СУҒА ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕ

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ШІЛІҢГІР ШІЛДЕДЕ ЫСТЫҚҚА ШЫДАЙ АЛМАЙ СУҒА ТҮСІП ТҰРУДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАСЫ ЗОР. ӨЙТКЕНІ СУҒА ШОМЫЛУ, КҮННІҢ КӨЗІНЕ ҚЫЗДЫРЫНУ АДАМДЫ СЕРГЕК ЕТІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЖҰМЫСҚА ДЕГЕН ҚАБІЛЕТТІ АРТТЫРЫП, КӨҢІЛ-КҮЙДІ КӨТЕРЕТІНДІГІ АҚПАРАТ. АЛАЙДА, СУҒА ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕ ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРДІ САҚТАМАСАҚ, БАҚЫТСЫЗ ЖАҒДАЙЛАРҒА ТАП БОЛУЫМЫЗ ЫҚТИМАЛ.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетінің мәліметі бойынша үстіміздегі жылы республика аумағында 32 суға кету оқиғасы тіркелген екен. Оның ішінде 29 суға кетіп қаза болған.



Суға шомылу кезеңі басталғаннан бері Байзақ ауданы аумағындағы су айдындарында 3 адам суға кетіп, қаза болу оқиғасы орын алды. Оның ішінде 2 бала, 1 ер адам. Аудан аумағына орналасқан су айдындарында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өткізіліп жатқан шараларға қарамастан суға шомылу кезеңінде қауіпсіздік ережелеріне атүсті қарап, немқұрайлылық таныту да кездесіп қалады.

Өткен аптада Байзақ ауданы ТЖ бөлімінің қызметкерлері су айдындарындағы қауіпті іс -

шаралар туралы тұрғындарды ақпараттандыру бойынша көптеген жұмыстар жүргізді. Атап айтқанда аудан аумағында өткен 20 жынға 449 адам тартылды. Сонымен қатар су айдындарда орын тепкен демалыс орындарына профилактикалық рейдтер ұйымдастырылды.

Ағымдағы жылғы тамыз айының 6-7 күндері Байзақ ауданына қарасты Бәйтерек, Сарыкемер, Қостөбе, Қызыл жұлдыз ауылдық округтері аумағындағы су айдындары мен демалыс орындарына, Талас өзені бойына



судағы қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын тарқатып айтып берді. ТЖ бөлімінің қызметкерлері Г. Жамантаева тыйым салынбаған жерлерге суға түсудің соңы қайғылы жағдайларға алып баратындығын әңгімелесе, аға инженер Ж. Танабаев достарымен, балаларымен, туысқандарымен демалуға барып, қауіпсіздік ережелерін ұмытып кеткендер, өздерінің және балаларының өмірін қатерге тігетіндігін айтты. Е. Шоңғараев болса суға шомылатын арнайы орынды дұрыс таңдай білу, тыйым салынған жерлерге шомылмау жайын баяндады. Инженер И. Рысалиев суда балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларымен қатар ыстық күндері судағы жиі болатын қайғылы оқиғалардың себебіне тоқталды. Мұздай суға бірден түспеу, мас күйінде жүзу және өз күшін асыра бағалаудың соңы қайғылы оқиғаларға аяқталатындығы жайында әңгімеледі.

Жалпы рейд барысында табиғат аясында демалушыларға суға шомылу ережелерін сақтау, судағы қатерлі оқиғалардың алдын алу, көлдерде, тоғандарда, тоқтау сулар мен шалшық суларда шомылудың қауіптері, су иірімінен шығудың тәсілдері, суық судың қауіптілігі, судағы қатерге ұшыраған адамға алғашқы көмек көрсету туралы кеңінен ақпарат берді.

«Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау» және «Суда зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету» тақырыптарындағы жаднамалар таратылды.

Өз тілшіміз.



Байзақ ауданының құрметті азаматы Айтқұл Мамытқұлы-сан қырлы талант иесі. Қаламы қарымды қаламгер тұңғыш рет ауданымызда «Шахан» драма театрының іргетасын қалап, театрдың республикалық фестивалында екі рет лаурает аталуына сүбелі үлес қосқанын аудан халқы жақсы біледі.

Ақын, сазгер, режиссер, драматург, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, жалпы сегіз қырлы, бір сырлы – Айтқұл Мамытқұлы биыл 70 жасқа толып отыр. Мерейтой иесіне шығармашылық табыс, отбасына амандық тілей отырып, алдағы уақытта да оқырманын ойлы да құнды туындыларымен қуанта береді деп сенеміз.

Айтулы белеске шыққан ардақты ағамыздың қаламынан шыққан ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Кесапатты кезең кесірі» атты жылнамалық-монологы драмасын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.



ҚАТЫСУШЫЛАР :

- 1.Тарих баба.
- 2.Кейуана
- 3.Кейінгі ұрпақ – жастар:

(Сахнаға үстінде ақ шекпені, басында сәлде, қолында асатаяғы бар қауға сақалды Тарихбаба шығады.)

ТАРИХБАБА: (Желпініп) Уа, жарандар бармысыздар?! Біздің қазақ кешегі кезеңде не көрмеді дейсіздер. Егер көне дүниеге көз салсақ, біздің заманымыздан бұрынғы IV-III мыңжылдықтар арасында Солтүстік және Орталық Қазақстан жерінде мал шаруашылығы мен егіншілікпен айналысу қолға алынған.

Ал, III-II мыңжылдықтар арасында Әмудария мен Сырдария өңірлеріндегі қазақтар аңшылық пен балық аулау кәсібімен шұғылданды.

(Ақ киімешекті, сәлделі, жасыл көйлекті, ұзын камзолды Кейуана келіп кіреді)

КЕЙУАНА: Армысыз әзиз баба?

ТАРИХБАБА: Бар бол шырағым. Кел, кейінгі өскін ұрпаққа өткен кезеңнен бір сыр шертейік.

КЕЙУАНА: Ия, баба. Оныңыз дұрыс. Құдайым мәңгүрттіктен сақтасын деңіз.

ТАРИХБАБА: (Ары қарай сөзін жалған) Дұрыс айттың кейуана. Сонымен, ия, біздің заманымыздан бұрынғы II-I мыңжылдықтарда қазақ жерін мекендеген тайпалардың мәдениеті – жергілікті кешеннің атынан Андор мәдениеті деп аталғаны да есімізде.

КЕЙУАНА: Ия...ия...баба. Бұл өткен тарих. Кешегі келмеске кеткен көне тарих. Өткенді білмеген опынып қалады.

ТАРИХБАБА: Ия, шырағым. Өткеннен сабақ алғанымыз жөн шығар. Бұл – болашағымызды бағдарлауға септігі тиер іс қой. Олай болса, тарих қойнауына сүңгіп кеткен, кер кезеңнің де кесапатына үңілген жөн болар.

КЕЙУАНА: Әлбетте баба. Өткенсіз бүгін жоқ емес пе еді...

ТАРИХБАБА: Сонымен, біздің заманымыздан бұрын IV-III ғасырда ғұндардың тайпалық бірлестігі қалыптасып, II-I ғасырларда үйсін мен қаңлы мемлекеттік бірлестігі құрылды.

КЕЙУАНА: Дұрыс айтасыз қарт баба. Тар жол, тайғақ кешкен қазақ қағанатының «Аттың жалы, түйенің қомында өткен» кезеңі еді ғой.

ТАРИХБАБА: Иә, тарихты ары қарай сабақтасақ, бүгінгі біздің жыл санауымыздың 552 жылы Түрік қағандығы құрылды. Бұлар 567 жылдары Әмудария мен Сырдария арасында билік жүргізді.

КЕЙУАНА: Ал, 714-715 жылдары Білге қаған мен Күлтегін қаған қарсыласқан қарлұқтарды жеңді. Сөйтіп, алғаш рет одақтасудың негізі қаланды емес пе тарих баба?

ТАРИХБАБА: Е...е... шырағым. Қу пендешілік қалсын ба. Пенденің жауы – менмендік. 751 жылы арабтар мына біздің Құлан қаласына шабуыл жасаған. Бұл шайқас Талас өзенін жайлаған тайпаларды да шарпыды. Осынау аласапыран кезеңде өзеннің сол жағасына Бағдат халифатының, ал оң жағына Таң империясының қолы орналасты.

КЕЙУАНА: Ия, баба. Оны айтасыз, тіпті Тараздың қасындағы Атлах қаласында сол жылы арабтың қолбасшысы Зияд-ибн-салих пен қытай қолбасшысы Сяньчидің арасындағы қиян-кескі соғыс бес күнге созылды емес пе.

ТАРИХБАБА: Ия, ия шырағым. Сол тұста Қытай жағында қалған қарлұқтар іштен көтеріліп, қытайлықтарды талқандап, быт-шыт қылды да арабтармен одақтасты.

КЕЙУАНА: Дұрыс айтасыз Тарихбаба. Сол қарлұқтар бірігіп 766 жылы Жетісуда өзінің

мемлекеттігін де құрғаны есімізде.

ТАРИХБАБА: Тыңдағын. Түркі мұсылмандарының алғашқы феодалдық мемлекеті – Қарахан мемлекеті 940 жылы негізін қалады. Бұдан жеті жылдан кейін, 947 жылы Тұрған мемлекеті қалыптасты. Ал, Қарахан мемлекетіне 990 жылы Тараз бен Исфиджаб қалалары қосылған.

КЕЙУАНА: Ия, қарт баба. Біздің қазақ, не көрмеген қазақ.

ТАРИХБАБА: Қарахан әулеті билеген мемлекетінің орталығы – Қашқар қаласы, Түрік ғылымы «Диуани лұғат аттүрік» халисаның егесі Махмұт Қашқаридың есімімен аталған екен, шырағым.

КЕЙУАНА: Ия, ия баба. Сол Қараханның сүйгені Айша бибі қыз елге төнген жау өтінде жүрген Қараханды күтіп жүріп, толқынды Аса өзенінде 40 қыз нөкерімен шомылып жүргенінде сұр жылан шағып, содан ажал құшқанын да білеміз.

Айшабibi анашым,

Махаббат пірі – дара шын.

Өтеуі болсын бұл елім,

Арнаған саған балашың,- деп кейінгі ұрпақ-тары да жырға қосқаны тегін емес. Сол Айша аруды Аса өзені бойындағы биік жотаға жерледі.

ТАРИХБАБА: Ия, шырағым. Кейін жау шебінде қан майданда ерлікпен қаза болған Қараханның денесін де арулап, Әулиеата бекінісінің іргесіндегі жер қойнына берген. XI ғасырдың сәулеті сағанасы – Айша бибі мавзолейі мен Қарахан батырдың кесенесінің арасы он шақырым болғанымен екеуі бірі-біріне көрініп тұрады.

КЕЙУАНА: Бұл күнде мавзолей, қосыла алмай шерменде болғандардың әруағына, кейінгі ұрпақ тәу етіп жүретін махаббаттың символына айналған. Анығы жесір, баланы жетім қылатын жауласпақ кімге керек осы? Жер-ананың қарс айырылған жүрегін жараламай, жауласушылар неге ғана өзара ымыраға келмейді екен...

ТАРИХБАБА: Е...е... шырағым. Қайсыбірін айтайын. Бұл ашкөздік дегенің қиын ғой. 1218 жылы Шыңғысхан әскері Жетісуды жоқ қылды. Ал, 1370-1405 жылдары Алтын Орданы күйретіп, 1395 жылы Ақ Орданы жаулап алды. Сөйткен Шыңғысханның ақыры не болды?!

КЕЙУАНА: Ия, баба. 1428-1468 жылдары Ақ Ордаға Әбілхайыр хан билік жүргізген кезең - XV ғасырдағы қазақ даласындағы хандық биліктің бастауы болып еді-ау.

ТАРИХБАБА: Шырағым, содан бергі ықылым уақыт аралығында Шайбани хан, Қасым хан, Тахир хан, Ақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Абылай хан, Тәуке хан, Қайып хан, Нұралы хан, Уәли хан, Ералы хан, Айшуақ хан, Жәңгір хан сияқты қазақ даласының жайсандары, ел басқарғаны да тарих қойнауында. Бұлардың барлығы да ел бірлігі мен тұтастығы үшін қызмет етті ғой. Әрине, әр хандықтың өз тағдыры бар.

КЕЙУАНА: Тарихбаба, қалай болғанда да, қазақтың дархан даласы на көз тіккен сыртқы жаулар дүркін-дүркін шауып, дұшпандығын қоймады. Елімізге қайта-қайта шапқыншылық жасаған Жоңғар қонтайшыларының зобаланы да аз болған жоқ қой. Олар да талай сұмдық тірлікке барды. Бұл шабуылдарда да аналар жесір қалып, балалар жетім қалмады ма?!

ТАРИХБАБА: Мінекей, әсіресе, кешегі 1723 жылғы Жоңғарлардың қазақ даласына баса-көктеп кіруі – ел-жұртының беті ауған жаққа үдере көшуіне мәжбүр етті емес пе?! Осындай сыртқы дұшпандардың көз алартып, анталаған сұсынан мезі болған ел-жұртты тығырықтан шығарудың бір ғана жолы – ол көрші Ресей империясымен бірігу еді.

КЕЙУАНА: Дұрыс айтасыз абыз ата. Бұл да бір дұрыс қадам еді.

ТАРИХБАБА: «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сулама» атанған сол бір жылдары ел халқы Ауғанстан, Иранға, Қытайға т.б. алыс шетелдерге жер асып, тоз-тозы шықты. Осынау кезеңде ел ауыл шаруашылығы мен

КЕСАПАТТЫ КЕЗЕҢ КЕСІРІ (жылнамалық-монологты драма)

мал шаруашылығы тұралап, халық жаппай ашаршылыққа ұшырады.

КЕЙУАНА: Ия, баба дұрыс айтасыз. Аш, жалаңаш ел күйзеліске түсті. Бұған қоса ел ішіндегі қарақшылық, аштық пен жаппай қырылуға себеп болған үлкен жат, кіші жүз ханы Әбілхайырдың Ресей патшасы Анна Ивановнамен уағдаластық жасап, Ресей империясының бодандығын қабылдауына мәжбүр еткені рас.

ТАРИХБАБА: Е...е... Кейуана. Қазақ көрмеген сұмдықтың қайсыбірін айттайық. XVIII ғасырдың 30-ыншы жылдары қазақ халқының талайлы тағдыры талай рет айтулы өзгеріске ұшырады. Ресеймен екіжақты келісім шарт жасалғаннан кейін, 1731 жылы ақпан айының 19-ы күні Анна Ивановна Кіші жүз хандығын өзінің қол астына қабылдағаны туралы өтініш Грамотасына қол қойды.

КЕЙУАНА: Иә, әйтсе де ел ішіндегі алауыздық пен тайталас 1824 жылы кіші жүз биліктің жойылуына себеп болды ғой. Дегенмен, бұдан кейін де тыныштық бола қойған жоқ. Ресей отарлығына қарсы қол бастап, Кенесары Қасымов 1837-1846 жылдары ұлт-азаттық көтеріліске шыққаны да ел жадында.

ТАРИХБАБА: 1848 жылғы қаңтардың 3-і күні Ұлы жүз бірлестігінің ресми әкімшілігі құрылды. Сөйтіп, 1854 жылы Жетісу өңіріндегі Есентай өзенінің бойына Алматы бекінісінің іргетасы қаланды. Ал, 1858 жылғы наурыз-шілде айларында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда қырғыз ағайындар мен қазақтар Қоқан билеушілеріне қарсы көтеріліске шығып, 1860 жылы қазан айында Ұзынағашта Қоқан әскеріне аяусыз соққы беріп, жеңіліске ұшыратты.

КЕЙУАНА: Ия, дұрыс айтасыз баба. Бұл шайқасқа Сыйқымнан Рысбек батыр мен Батырбек датқа, Ботпайдан ер Сыпатай, Шымырдан Байзақ датқа Ресей генералы Колпаковскийдің әскерімен бірге Меркі, Әулиеата, Шымкент, Түркістан қалаларың қоқандықтардан азат еткені рас. Осылай аттың жалы, түйенің қомында тұн қатып жүрген дала қазағы не көрмеді? Ұшы-қыры жоқ ұшан теңіз даласын сыртқы жаулардан найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап қалды.

ТАРИХБАБА: Небір азапты дәуірді бастан кешірген қазақтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, Ресейдің 1917 жылғы ақпан революциясына ұласып, ақ патшаны тақтан тайдырды. Әйтсе де тыныштық тез арада орнай қоймады. 1918 жылдары Юденич, Деникин әскерлері де тұс-тұс жақтан антадап, берекені алды.

КЕЙУАНА: Есіл ашкөздік-ай десейші. Бұлар нағыз гегемонистік саясаттың итаршы-құрбандары ғой.

ТАРИХБАБА: Қазақстанның тыныштығы Ресейдің ауанына тәуелді болды. 1917 жылғы қазан айында Ұлы көтеріліске нүкте қойылып, қарсы шапқан дұшпандарды да бас көтерместей етіп талқандап, жеңіс жалауын желбіреткен болатын.

КЕЙУАНА: Міне, содан бастап Қазақстан аумағында да Кеңестер өкіметі құрыла бастады. Бірақта, ел билігі Ресейдің қузырында болды. Дегенмен, Қазақстанды ширек ғасыр басқарған, қазақтың біртуар тұлғасы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев осынау кезең ішінде «қой үстіне бозторғай ұялаған» заман орнатты.

Бір аштықтың бір тоқтығы болады,- демекші Ресей саясаткерлерінің озбырлығымен 1986 жылғы желтоқсан айында Қонаевты Қазақстан мемлекетінің билігінен шеттетіп, орнына «сайда саны жоқ, құмда ізі жоқ» Геннадий Колбинді сайлағаны ел-жұрттың намыс отын қоздыра түсті. Әр ұлт өзін-өзі басқаруы тиіс еді. Алайда, озбырлыққа жол берілді. Билік тізгінін ұстап қалған Ресей өз үстемдігін жасампақ болды.

ТАРИХБАБА: Ия...Бұдан кейінгісі мәлім шырағым. Осынау кеудемсоқтық, өзімшілдік саясатымен ұланған сыртқы өктемдікке шыдамаған Алматы қаласының жастары сол жылғы желтоқсанда алаңға шығып, Қонаевты орнынан алған Мәскеу шешіміне қарсылық білдірді.

КЕЙУАНА: Қарт баба, дұрыс айтасыз. Жастардың ұлт намысын аяққа таптатпаймыз, деп бас көтергені кеше ғана. Бүгінгі егемендігіміздің бастауы болған сол бір желтоқсан оқиғасынан кейін, ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке, 1990 жылы Республика Жоғарғы Кеңесінің «ҚСР-нің мемлекетік егемендігі туралы» Декларациясын қабылдаған күні қол жеткені рас.

ТАРИХБАБА: Сол желтоқсандағы бас көтеру шарасына қатысқан жастардың біразы мүгедек, жарымжан болса, ендібірі қара суықтың өтінде, үскірік аязда мәскеулік шовинистердің

қолшоқпарларының құрбандығы болды. Әйтсе де, еліміз тәуелсіздікті сақтап қалды. Сөйтіп, Қазақ елінің жас мемлекеті «тар жол, тайғақ кешуден» өтіп, қайта түледі. Талайлы тағдырдың тозақты азыбын басынан өткіріп, қазақ елі жарқын болашаққа жол ашты.

КЕЙУАНА: Енді ол заман келмеске кетті. Құдайым, сол бір зұлмат заманды қайта көрсете көрмесін. Ел көкбайрағы биік самғап, кеңбайтақ қазақ елі мен жерін алакөз ашкөздерден сақтағай. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай.

ТАРИХБАБА: Ия, халқым! Құдайға шүкір, ел тізгіні кешегі ұрымтал тұста - Тәуелсіздігіміздің бастауында тұрған, ел билігін қолға алған сарабал саясаттың авторы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, ел Армиясының Бас қолбасшысы, аса жоғары мәртебелі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолында.

КЕЙУАНА: Елім деп еміренген, Қазақ атты ұлы көштің тізгінін ұстаған есіл Ер аман болғай.

ТАРИХБАБА: (екі қолын жайып)

Ия, жаратқан Жан Ием,

Өзіңе ғана бас ием.

Жас мемлекетіміздің қадамы құтты болсын.

Шекарасы берік, мықты болсын.

Тыныштық заман болсын,

Патшамыз аман болсын!

Аумин.

(Сахнаға Елтаңба, Ту көтеріп бір топ жастар кіреді)

ЕЛТАҢБАЛЫ ҰЛ: Егеменді еліміз бүгінде кемел мемлекет екендігін әлемге таныта білді. Өзіндік даму жолы бар толыққанды демократиялық қоғам орнатуда. Адамдардың құқығы мен бостандығын қорғайтын зайырлы қоғам құрудамыз.

Кемел шаққа қадам бастық біз бүгін, Нұрсұлтанға беріп керуен тізгінін. ООН-дардың мінберінен күллі әлем, Естиді енді қазағымыз ізгі үнін.

ТУ КӨТЕРГЕН ҚЫЗ: Тәуелсіздігіміздің көкбайрағын желбіреткен қазақ елі өркениет елдерімен терезесі тең екендігін әлденеше рет дәлелдеді.

Көкбайрағым желбірейді көгімде, Рәміздерім жарқырайды төрімде. Горбачев пен Соломенцев, Колбиндер, Түбінде бір өкіреді көрінде.

ЕЛТАҢБА КӨТЕРГЕН ҰЛ: Жаужүректі өңшең өрім-өрердер, Желтоқсанда қалқан болған берендер.

Жаңғырығы дауылпаздай естіліп,

Дүние түгел құлақ түріп елдер.

Қайрат Рысқұлбековтың портретін көтерген

ҚЫЗ: Рысқұлбеков Қайрат пенен Батыр қыз -Асанова Ләзаттан да жатыр қыз.

ҰЛ: Көтеріліс көшін бастап жас толқын, Жасады бір мың ғасырға татыр іс.

ҚЫЗ: Аш, жалаңаш, босқын болған қазақпын,

Бәрі көрген сұм тіршілік азаптың.

ҰЛ:Желтоқсанда бодандықтан құтылған,

Бүгінде мен арайлы елмін, ғажаппын.

ҚЫЗ: Пиғыл түзу, ниет түзу, таза, ақпын,

«Мың өліп, мың тірілген қазақпын.»

ҰЛ:Еркіндіктің Туын биік көтерген,

Бүгінде мен асқақ үнді Азатпын.

Н.Ә.Назарбаевтың портретін көтерген

ҚЫЗ:Атамекен – жерұйығым жаңа Бақ,

Сахарадай санада ой саралап.

Ұлан байтақ жердің шарын аралап,

Елбасы жүр қолтаңбасын даралап.

ҰЛ:Атантүйе көтере алмас нар жүгін, Назарбаев арқалап жүр дәл бүгін.

ҚЫЗ: Өркениет көшінен кеш қалмайық,

Өрелі жол, өркенді істі таңдайық.

Жеткізем деп көшелі елдер көшіне,

Нұрсұлтан жүр, мұны анық аңдайық.

ҰЛ: Егемендік – жеңісіміз, қорғайық,

Тәуелсіз ел іргетасын сомдайық.

ӘБІШҰЛЫ тыным таппай, тұн қатып,

Жүргенінде дүім жұрт боп қолдайық.

ҚЫЗ:Әліппесін жатқа біліп нарықтың,

Өзі болсақ дейміз нағыз алыптың.

Президент бар жол бастайтын ертеңге,

Қамын ойлап сүйеу болған халықтың.

БАРЛЫҒЫ ҚОСЫЛЫП:

Республика даңқын әркез толғайық,

Қуат беріп, керуен көшін қомдайық.

Барыс болу басты мақсат елімде,

Көштің басын соған қарай оңдайық!

«Менің Қазақстаным» әні салтанатты шырқалады.

Ш ы м ы л д ы қ

ХАБАРЛАНДЫРУ

1. ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНДА МАТЕМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ БОСАҒАН ОРНЫНА КОНКУРС (ТЕСТ, ӘНГІМЕЛЕУ) ЖАРИЯЛАНАДЫ. ОҚИТУ ТІЛІ: ҚАЗАҚША.

ТҮЙІНДЕМЕНІ ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ, САРЫКЕМЕР АУЫЛЫ ҚОСЫ БАТЫР КӨШЕСІ №47 МЕКЕН-ЖАЙЫНА, 10-15 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ТАПСЫРУ ҚАЖЕТ. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ: 2-19-37.

2. ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНА АУЛА СЫПЫРУШЫ (ЕР АЗАМАТ) ҚАЖЕТ.

Т Ұ Р Ғ ы н д а р Н а з а р ы н а !

«Казтелерадио»АҚ «KazSat-3» жаңа отандық спутнигіне ауысатындығын хабарлайды.

«KazSat-3» отандық спутнигі көрермендерге қосымша арналар мен HD-арналарын көруге мүмкіндік береді.

Ауысу мерзімі 2016 жылдың мамыр айы мен қыркүйек айлары аралығында жоспарланған. Осыған байланысты сіздерге өз абоненттік жабдығыңызды қажетті күйге (настройкка) келтіру үшін монтаж жасайтын бригадаларға, жергілікті дилерлерге хабарласу немесе «ОТАУ TV» отандық спутнигінің жабдыктарын өздеріңіз қайта ыңғайлап орналастыруларыңыз қажет.

Абоненттік жабдығыңызды қажетті күйге келтіру қызметінің ақысы 2000 (екі) мың теңгеден аспайды. Дилерлердің көмегіне жүгінген жағдайда

Байзақ ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы ШЕШІМ ЖОБАСЫ

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 4) тармақшасына және «Әлеуметтік-енбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 28 сәуірдегі №279 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына сәйкес, Байзақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі – кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі – оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) тоқсан сайын алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды «Байзақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу кемтар балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге де заңды өкілдеріне (бұдан әрі – алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы келесі құжаттарды ұсынады:

-өтініш, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

-алушының жеке басын куәландыратын құжат;

-тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы);

-психологиялық - медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы;

-«Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама;

-банктегі шоттың болуы туралы құжат;

-Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу психологиялық - медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысында көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытудың қажеттілігі танылған сәттен бастап бір жылға тағайындалады және көрсетілген кезеңге тоқсан сайын төленеді;

5) алғашқы тағайындалған жағдайда оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу өтініші берген күннен бастап төленеді.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Байзақ аудандық мәслихатының «Экология, табиғатты пайдалану, денсаулық, жанұя мен әйелдер ісі, мүгедектер және тұрғындардың тұрмысы төмен әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Байзақ аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы А. Исабаев

Байзақ аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Тлепов

ПРОЕКТ РЕШЕНИЯ

Об определении размера и порядка возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа инвалидов по индивидуальному учебному плану в Байзакском районе

В соответствии с подпунктом 4) статьи 16 Закона Республики Казахстан от 11 июля 2002 года «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями» и приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 апреля 2015 года № 279 «Об утверждении стандартов государственных услуг в социально-трудовой сфере» Байзакский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Определить возмещение затрат на обучение на дому (далее – возмещение затрат на обучение) родителей и иных законных представителей детей с ограниченными возможностями из числа инвалидов (далее – дети с ограниченными возможностями) по индивидуальному учебному плану ежеквартально в размере шести месячных расчетных показателей.

2. Определить следующий порядок:

1) возмещение затрат на обучение производится коммунальным государственным учреждением «Отдел занятости и социальных программ акимата Байзакского района»;

2) возмещение затрат на обучение предоставляется одному из родителей или иным законным представителям детей с ограниченными возможностями (далее – получатель);

3) для возмещения затрат на обучение получатель представляет следующие документы:

- заявление, по форме согласно приложению 1 к Стандарту государственной услуги «Возмещение затрат на обучение на дому детей-инвалидов», утвержденного приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 апреля 2015 года № 279 (далее – Стандарт);

- документ, удостоверяющий личность получателя;

- документ, подтверждающий регистрацию по постоянному месту жительства (адресная справка или справка сельского акима);

- заключение психолого-медико-педагогической консультации;

- справка об инвалидности по форме, утвержденной приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 30 января 2015 года № 44 «Об утверждении Правил проведения медико - социальной экспертизы»;

- документ, подтверждающий сведения о номере банковского счета;

- справка из учебного заведения, подтверждающая факт обучения ребенка-инвалида на дому, по форме согласно приложению 2 к Стандарту;

4) возмещение затрат на обучение назначается на один год с момента признания необходимости обучения ребенка с ограниченными возможностями на дому, указанного в заключении психолого-медико-педагогической консультации и выплачивается ежеквартально за указанный период;

5) в случае первоначального назначения возмещение затрат на обучение выплачивается со дня обращения.

3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на постоянную комиссию Байзакского районного маслихата «По вопросам экологии, природопользования, здравоохранения, социальной защиты малообеспеченных слоев населения и инвалидов, по делам женщин и семьи».

4. Настоящее решение вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии Байзакского районного маслихата А. Исабаев

Секретарь Байзакского районного маслихата Н.Тлепов

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Мы рзатай ауылының тұрғыны, ақындығымен елге танымал болып жүрген, ұйысқан отбасының асыл анасы **Будеева Бұбайданы** 12-ші тамыз күні туылған күнімен шын жүректен құттықтаймыз.



Мерейтой иесіне мықты денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс тілей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Құтты болсын туған күнің сәулетін,
Құттықтайды елің-жұртың, әулетін.
Ой-арманың орындалсын тілегің,
Табысты бол, жеңістің шаш сәулетін.

Қуаныш күлсін, бақ кетпей бастарыңнан,
Жамбылдың жасын берсін, жүз жасаған.
Алтындай халқымыңның ырысы бол,
Көркейіп көріне бер әсемдіктің асқарынан

Қызғалдақтай жайнай берсін өмірің,
Судай тасып көтерілсін көңілің.
Ешқашанда көңіліңді кір шалмай,
Бақытты бол, ұзақ болсын өмірің!

Ізгі тілекпен: жолдасы-Жолдасбек Серікұлы, бауырлары Валихан, Бұбайша, Жанат, Гулайша, ұлдары-Руслан, Нұржан, қыздары-Шолпан, Жұлдыз, келіні-Айдана, күйеу балалары - Марат, Самат.

T-277-08-80.



ХАБАРЛАНДЫРУ

БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ҚҰМҒАНБАЕВ ЖҰМАНҒАЛИ СЕРІКБАЙҰЛЫ. МЕКЕН-ЖАЙЫ: САРЫКЕМЕР АУЫЛЫ, БАЙЗАҚ БАТЫР КӨШЕСІ, № 104 ҮЙІ.

Маман кеңес береді

ТАМАҚТАНУЛАНУ

Д. ЕГЕМБЕРДИЕВА,
Байзақ аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекші маманы.

Азық-түлікке ауру тудыратын микробтар түсуі салдарынан адам тамақтан уланады. Тамаққа бұл микробтар қоршаған ортадан, судан, мүліктерден, қолдан, тағы басқа заттардан түседі. Тамақтан улануға ишкі тамақ пен тамақты аралас ұстау, бір столда өңдеу, бір пышақпен кесу сияқты жағдайлар да жиі себепкер болады.

Күнделікті пайдаланатын азық-түлігіміздің, ауыз судың сапалылығы адам денсаулығының кепілі екендігі белгілі.

Ең бастысы азық-түліктерді, әсіресе, тез бүлінетін тағамдарды санитарлық талаптарға сай сақтап, сату болып табылады. Әрбір сауда, қоғамдық тамақтану орындарында тағамдар таза, арнайы сөрелерде сақталуы шарт. Тез бүлінетін тағамдар (тәтті кондитер тағамдары, самса, бөліш, ет, сүт тағамдары, сусындар, балмұздақтар т.б.) тек тоназдықтарда сақталуы тиіс.

Шыбын-шіркейлер жұкпалы ауруларды таратушы екенін ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан есік-терезелерді дөкемен торлап, медициналық мекемелерді арнайы сатылатын дәрі-дәрмектермен (интексцидтермен) дәрілеу қажет. Ауланы тазалап, күл –қоқысты арнайы

орынға жинап, уақытылы шығарып тастау жыл бойында жүргізілетін жұмыс. Осы уақытқа дейін жойылмай келе жатқан келеңсіз көріністердің бірі көше бойында санитарлық талаптарды өрескел бұзып сауда саттық жасау. Күннің ыстығында, шаң-тозаңның ортасында нан, еріген тәттілер, ысып кеткен сусындар, құнбағыс дәнін сатып отырған сатушылардың сауда жасап жатқандарын көріп еріксіз ойланасын.

Ерекше көңіл бөлер жәйт сапалы азық алу үшін әр адам сатушыдан алатын азық-түліктің денсаулыққа қауіпсіздігі туралы құжатын талап етуге құқылы.

Егер де тамақ ішкеннен кейін бірер сағаттан соң тамақтан уланудың белгілері бірнеше дереу дәрігерге көрініңіз. Уланудың алғашқы белгілері мынадай:

- жүректің айнуы;
- бастың айналуы;
- іштің өтуі;
- құсу;
- әлсіздік.

Тез бұзылатын азық-түлікті, дайын тамақты тоназдықшыта 6 градустан аспайтын қалыпта 6 сағаттан артық сақтамаңыздар. Азық-түліктерді тек арнайы дүкендер мен дүңгіршектерден сатып алыңыздар. Ауыз суды қайнатып ішіңіздер. Сапасыз азықтан, бұзылған тағамнан сак болған жөн.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Сарысу ауылы, Жанатаас қаласы, Жібек-жолы көшесі №5 үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері Л.Утеулиеваға жолығулары керек, тел.: 8 (726 34) 6 37 30.

ІЗДЕУ САЛАМЫЗ

Астана қаласы, Сарыарқа ауданының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына 2016 жылы 25 шілдеде **Стародубцев Виктор Иванович**, Астана қаласы №27 орта мектеп оқушыларының табылған тіркеу нөмірі 4282909 Отан соғысы орденінің иесін анықтау үшін өтініш беруіне байланысты жоғарыда аталған орденнің иесіне іздеу жариялаймыз. Қосымша анықтаманы Байзақ ауданындағы қорғаныс істері жөніндегі бөліміне немесе 2-14-41 байланыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

ДИРЕКТОР Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ

Редактордың уақытша міндетін атқарушы
Г. ЕРМУРАТОВА

Кезекші Р.Джакипбаева

Меншік иесі -
“Байзақ аудандық “Ауыл жаңалығы” -
“Сельская новь” газетінің редакциясы”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат агенттігі (11.06.2014 ж.) тіркеліп, № 14388-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 “б” үй. Қалыбы ЖШС “Қанатты қалам өлемі” баспаханасында жасалып, көбейтілді. **Таралымы 3560 дана.**
Тапсырыс №70

Газет аптасына екі рет, **сәрсенбі, сенбі** күндері шығады.
Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.

© - материалдың жариялану ақысы төленген.

Мекен-жайымыз:

Индекс 080100.

Жамбыл облысы,

Байзақ ауданы,

Сарыкемер ауылы,

М.Х.Дулати көшесі,

10 “а” үй.

Директор-Бас редактор: 2-28-60.

Хаттар бөлімі, тілшілер: 2-12-37.

Есеп бөлімі, жауапты хатшы: 2-15-70.

Газет сайты: www.auil-zhanaligi.kz

Эл.почта: ayil@mail.ru

